

# АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ

Асылдың сынығындай жарқыраған,  
Жүрсе екен қазыналы қартым аман.  
Іздейтін мұрағат пен мұражайдан,  
Тарихы таңғажайып алтын адам.

Автордан

Ел аузында «Балапан басына, тұрымтай тұсына» деген сөз берге айтылмаса керек. Сонау 28-дің көпесі, 30-дың зобалаңы, 32-нің аштығы жылдары азын-тай қазақтың жұмыр жер бетіне тарыдай шапырағанын тарихтан білеміз. Сол зұлмат күндер Бегәділовтер отбасын да оралып өтпеді.

Арғын атаның Қаракесек руынан тарайтын Әштар атамыз ол кезде Қарағанды облысы Егіндібұлақ ауданында тұратын. 1932 жылы «Сута кеткен тал қармайдың» кебімен аштықтан бас сауғалаған бүтін бір әулет Ресейдің Новосибирск жеріндегі Маслянино ауылынан бір-ақ шыққан екен. Әкей сол жерде темір жолда қол жұмысын істесе, Мәкеш апамыз үй шаруасында тірлік жасаған.

1938 жылы әулет елге оралып, Шығыс Қазақстан облысындағы табиғаты көркем Шемонайха ауылындағы «Защита» станциясына көшіп келеді. Біздің әңгімеге арқау еткелі отырған кейіпкеріміз – Гизатолла Әштарұлы сол жерде жеті жылдық мектепті ойдағыдай бітіріп, 1945 жылы Семейдегі геологиялық-барлау техникумының «техник-геолог» факультетіне оқуға түседі. Арнайы білімді жас маман 1961 жылға дейін Қарағанды кен-барлау басқармасында қызмет істейді.

1956 жылы Торғай өңіріндегі боксит қорын іздеу, барлау экспедициясын құру туралы үкімет қаулысы шығады. 1961 жылы Қызылқозыға комсомолдық жолдамамен келген жас маман бас геолог Мұхаметжан Қалменовпен бірге бокситтің көлемі мен сапасын 3 ай бойы зерттеп, оны Москвадан қорғап, үкімет шешімімен өндіріске енгізуге қол жеткізеді.

Қазба жұмыстары жоғарғы 5-ші Ашуттан басталады. Өйт-



Ғ. Бегәділов сол жағынан үшінші

2-ші, 9-шы кен орындары жатса, жоғарғы Ашутқа 3-ші, 4-ші, 5-ші, 6-шы, 7-ші, 8-ші қазба орындары жатқызылды. Оның сыртында Солтүстік қазба орыны да болатын.

Гизатолла Әштарұлы 1961 жылдан 1995 жылға дейін зейнеткерлікке шыққанша Торғай геологиялық-барлау басқармасында бас геолог қызметін атқарды. Тіпті зейнеткерлік демаласқа шыққан

рудниктің басшылық қызметінде жүреді. Осы жылдары атқарған елеулі еңбегі үшін Арқалық қаласының құрметті азаматы Гизатолла Әштарұлы «Құрмет белгісі» орденімен, «Тың жерлерлерді игергені үшін», «Кенші даңқы», «Еңбегі сіңген кенші», «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медалдарымен, «Социалистік жарыс жеңімпазы» тес белгісімен, Ұлы Жеңістің 65, 70 жылдық мерекелік

лургия министрлігінің «Құрмет грамоталарымен» марапатталған екен.

Асылдың сынығындай 84 жастағы біртуар азамат қала тарихында «Кеншілер көшесі» деп аталатын «Дачняк» поселкесіндегі Ғ.Қайырбеков даңғылынан-қалалық перзентханаға дейін созылып жатқан геология-минералогия ғылымдарының кандидаты «Ленин» орденінің иегері кен орындарын зерттеуші Алексей Павлович Волков көшесінде тұрады.

«Кеншілер көшесі» демекші, Қызылқозының байырғы кеншілілері – Иванко Леонид Александрович, Химченко Василий Александрович, Демченко Михаил Петрович, рудниктің бас инженері – Садуақасов Фазыл Рахымжанұлы, кен арттыру бюросы және темір жол басшысы Дәрменов Әнуарбек Дәрменұлы сынды асыл азаматтар осы көшеде тұрған.

Мәкен апамыздың артында қалған екі қыздың бірі – Фарида қазір оңтүстік электр желісінде қызмет атқарады. Екінші Нейла – рудникте химиялық зертхана қызметкері, жасамын қартты бағып-қағып отырғанда осы Нейла қарындасымыз.

Бір қызығы, Гизатолла ағамыздың немересі, Фариданың қызы – Дина Бегәділова Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін Үздік бітіріп, қазір Америкадағы Нью-Йорк қаласында ұлттық компаниялардың бірінше менеджмент қызметін атқарады.

Біз әдетте қала тарихы жайлы деректерді мұрағат пен мұражайлардан іздестіріп жатамыз. Алайда еңбек адамының кейіндегі асылдың сынығындай, сауытсыз алтын адамдардың өз аразыда өмір сүріп жатқанын екінші бірі біле бермейді оларды дәріптен насихаттау, өмір жолын өскелең ұрпаққа үлгі ету – біздің абыройлы міндетіміз емеспе?!

Молдатай ЖАШАРҰЛЫ,  
қалалық ардагерлер